

Қарағанды облысының аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстau және жансыздандыру Қағидаларын бекіту туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 277 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 желтоқсанда № 31170 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-2-тармағына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды облысының аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстau және жансыздандыру Қағидалары бекітілсін.

2. Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы XIII сессиясының № 264 "Қарағанды облысының аумағында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4534 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат хатшысы

С. Утешов

Қарағанды облыстық

мәслихатының

2022 жылғы 8

желтоқсандағы

№ 277

Шешіммен бекітілген

Қарағанды облысының аумағында жануарларды аулаудың, уақытша ұстaudың және жансыздандырудың қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарларды аулаудың, уақытша ұстaudың және жансыздандырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ветеринария туралы", Зандарына сәйкес әзірленді, және Қарағанды облысының аумағында жануарларды аулаудың, уақытша ұстaudың және жансыздандырудың тәртібін белгілейді.

2. Қағидалар мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) аулау қызметі – жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен және жансыздандырумен айналысатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық үйим, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес занды тұлғалар;

2) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе занды тұлға;

3) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған жануарларды, қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе занды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) ұстауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

4) жануарға қатыгездікпен қарau – жануардың өліміне, мертігуіне немесе оның саулығына өзге де зиян келуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін қасақана іс-әрекет;

5) жануарларды уақытша ұстau пункті – табылған, ауланған қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе занды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) уақытша ұстau үшін әдейі арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

6) жануарды әвтаназиялау (бұдан әрі – әвтаназиялау) – жануардың ауырсынуын және физикалық қиналуын болғызбай оны дәрі-дәрмекпен жансыздандыру;

7) қаңғыбас жануарлар – иесі жоқ иттер мен мысықтар;

8) қараусыз қалған жануарлар – ұстau орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;

9) стерилизациялау – жануарды хирургиялық, дәрі-дәрмекпен не өзге тәсілдермен үрпақ өрбіту қабілетінен айыру;

10) үй жануарларын есепке алу бұйымдары (құралдары) – үй жануарларын есепке алу үшін пайдаланылатын болюстер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);

11) үй жануарларын есепке алу жөніндегі деректер базасы (бұдан әрі – деректер базасы) – үй жануарының жеке нөмірі туралы, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, оны ветеринариялық өндөу туралы, үй жануарлары ұсталатын немесе тасымалданатын жылжымайтын мүлік обьектілері мен көлік құралдары, жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі туралы ақпарат, жергілікті атқарушы органдар үйымдастырыған үй жануарларын иелену тарихы туралы деректерді тіркеудің бірынғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін электрондық деректер базасы;

12) үй жануарларын есепке алу – үй жануарына жеке нөмір берілгені, түрғылықты жері көрсетілген оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді міндетті тіркеу.

2 тарау. Жануарларды аулау

3. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды аулауды, тасымалдауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырады.

4. Жануарларды аулау жұмыстары аулау қызметінің басшысымен бекітілген кестесіне сәйкес жүргізіледі.

5. Кесте жануарлардың шоғырлану орындарын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, олардың жиналу орындарының мониторинг нәтижелері бойынша және қараусыз қалған жануарлардың орналасқан жерлері туралы ақпаратты тіркеу журналында тіркелген өтініштер бойынша жасалады.

6. Аулау жануарға жарақат салуды және мертігуді, азаматтардың денсаулығына, олардың мүлкіне, занды тұлғалардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмайтын ізгілікті тәсілдермен жүзеге асырылады. Адамның және (немесе) жануардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төнген жағдайларды қоспағанда, балалардың қатысуымен жануарларды аулауға жол берілмейді

7. Аулау жануарларға зиян келтірмейтін құралдармен оқшаулау сүрлемдерін, торларды, гельдік оқшаулағышы бар ілмектерді, ұстап алу кезінде бекітуге арналған Ү-тәрізді бекіткіштерді (рогатин), Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыыйым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

8. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, скверлерде, қараусыз қалған ғимараттарда, қала шетінде, саяжай алқаптарында және басқа жерлерде) жануарлар иесінің қарауынсыз жүрген қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлар аулауға жатады.

9. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қараусыз қалған және қаңғыбас иттерді, жануарларды, оның ішінде кемінде үш дарақтан тұратын топтасқан иттерді мекендеу ортасынан аулау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыыйым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдануға жол беріледі. Аулау қызметі еркін нысанда акт жасайды, оған кемінде екі күә қол қояды және оны аулау қызметі ақпараттық жүйеде тіркейді. Куәлар болмаған жағдайда аулауды тіркеудің техникалық құралдарын қолдануға (бейнетүсірілім) жол беріледі.

10. Қараусыз қалған және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде аулау қызметі мамандарының өзімен бірге осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі аулау қызметі қызметкерінің куәлігі (бұдан әрі – куәлік) болады және олар азаматтардың талап етуі бойынша көрсетіледі.

11. Аулау қызметі өз қызметкерін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі куәлікпен қамтамасыз етеді.

12. Ауланған жануарларды тасымалдау Заңның 12-бабына және Жануарларды тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3 тарау. Жануарларды уақытша пунктінде күтіп ұстau

13. Ауланған жануарлар уақытша ұстau пунктіне орналастырылады немесе жануарларға арналған баспаанаға беріледі және деректер базасында тіркелуге жатады.

14. Уақытша ұстau пунктімен жануарларды ұстau, азықтандыру, қарау, жансыздандыру, қажетті құрал-саймандармен жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар қамтамасыз етіледі.

15. Уақытша ұстau пунктінде клиникалық тексеру және деректер базасында тіркеу жүргізіледі.

16. Жануарларды ұстau Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес профилактиканы және диагностиканы қамтамасыз етеді.

17. Уақытша ұстau пункті металл торлармен және иттерге арналған үйшіктермен жарақталады, онда 1 (бір) дарақтан орналастырылады.

18. Тордың мөлшері жануарларға еркін тұруға, жатуға және өздеріне тән тәсілмен еркін айналуға мүмкіндік береді.

19. Ауланған жануарларға күтім жасалады, күнделікті механикалық тазарту және жасушаларды дезинфекциялау жүргізіледі.

20. Үй-жайлардың қабырғалары мен едендік жабындарының беті тегіс, жинауға және дезинфекциялауға ыңғайлы.

21. Жануарларды ұстau шарттары олардың биологиялық, түр және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандырады.

22. Азықтық рационды және жануарларды азықтандыру режимін уақытша ұстau пунктінің басшысы жасайды. Азықтарды сақтау және пайдалану оларды өндірушілер белгілеген сақтау шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

23. Жануарларды азықтандыру күніне кемінде бір рет, оның ішінде мысықтарды күніне кемінде екі рет жүзеге асырылады.

24. Ішетін ыдыстар мен басқа да су көздері әрбір жануарға таза ауыз суға тұрақты және шектеусіз қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылады. Ауыз суды ауыстыру тәулігіне кемінде бір рет жүзеге асырылады.

4 тарау. Жануарларды өлтіру

25. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жануарлар, оның ішінде кемінде үш дарақтан тұратын топтасқан

жануарлар, емделмейтін аурулармен ауыратын жануарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған препараттармен, дәрі-дәрмекпен (эвтаназиямен) ізгілік жолмен жансыздандыруға жатады.

26. Жануарлардың өлекселерін жоюды, арнайы кремациялау пештері орнатылған орындарда, мал қорымдарында (биотермиялық шұнқырларда), аулау қызметі жүргізеді.

27. Қаңғыбас жануарлардың санын уларды, химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілмен жансыздандыру жолымен реттеуге жол берілмейді.

Карағанды облысының
аумағында жануарларды
аулаудың, уақытша ұстаудың
және жансыздандырудың
қағаидаларына
қосымша
Нысан

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің қуәлігі

Қағазда жасалған және қорғаныс пленкасына салынған күәліктің мөлшері 54x85 миллиметр болады.

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің қуәлігі (1)

Үйым атауы (2)

№ _____ (3)

QR-код (4)

Фотосурет (5)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (6)

Берілген күні: _____ ж. (7)

Әрекет ету мерзімі _____ ж. дейін (8)

Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексереп аласыз (9)

1-жол – "Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің қуәлігі" құжатының атауы көрсетіледі;

2-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметінің қызметкері жұмыс істейтін үйымның атауы көрсетіледі;

3-жол – деректер базасында жинақталатын және қалыптастырылатын күәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-жол – мөлшері 30x30 сантиметр деректер базасында автоматты түрде туындалатын QR-код түріндегі күәліктің бірегей сәйкестендіру нөміріне арналған орын ;

5-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің өлшемі 3x4 сантиметр фотосуретіне арналған орын;

6-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

7-жол – күні, айы, жылды форматы бойынша куәліктің берілген күні көрсетіледі;

8-жол – күні, айы, жылды форматы бойынша куәліктің қолданылу мерзімі көрсетіледі;

9-жол – "Осы құжаттың тұпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексереп аласыз" деген жазу көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК